

Үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балалары мен ата-аналарына (заңды өкілдеріне) әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 25 қарашадағы № 217 қаулысы. Қостанай облысы Науырзым ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 13 желтоқсандағы № 9-16-111 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 15 тамыздағы № 345 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2011.08.15 № 345 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 16-бабына, "Науырзым ауданының 2010-2012 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы" мәслихаттың 2009 жылғы 25 желтоқсандағы № 233 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Науырзым аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 қазандағы № 310 шешіміне сәйкес (нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тізілімінде 9-16-110 нөмірімен тіркелген, 2010 жылғы 30 қазанда "Науырзым тынысы" аудандық газетінде жарияланған), "Үйде тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында Науырзым ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Жергілікті бюджет есебінен үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балалары бар ата-аналарына (заңды өкілдеріне) тиісті жылға заңнамамен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз есе көлемінде ай-сайынғы әлеуметтік көмек көрсету қамтамасыз етілсін.

2. "Науырзым ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу бойынша уәкілетті орган болып белгіленсін.

3. Мыналар белгіленсін:

1) әлеуметтік көмек үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балалары бар ата-аналарына (заңды өкілдеріне) көрсетіледі;

2) әлеуметтік көмек үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балалары бар

ата-аналарына (занды өкілдеріне) арыз берілген айдан бастап ағымдағы тоқсанға тағайындалады және тиісті оқу жылы бойы төленеді;

3) мүгедек балалар интернат үйлерінде немесе санаторлық мектептерде тұратын кезде әлеуметтік көмек төленбейді.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Х.С. Қу а т қ а н о в қ а жү к т е л с і н .

5. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Науырзым ауданының әкімі

Б. Кеңесбаев